

## Даму құқығы туралы декларация

Бас Ассамблеяның 41/128 қарарымен 1986 жылдың 4 желтоқсанында қабылданды

Б а с А с с а м б л е я ,

экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуде нәсіл, жыныс, тіл және дін айырмашылығына қарамастан барлық тұлғалар үшін негізгі бостандықтар мен адам құқықтарын құрметтеу үрдісін дамыту мен көтермелеуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаларын назарға алып,

даму үрдісі сол үрдіс барысында туындайтын игіліктерді әділ үлестіруге және дамуға белсенді, еркін және сындарлы түрде қатысуға негізделе отырып, бүкіл халықтардың және барлық тұлғалардың әл-ауқатын тұрақты түрде арттыруға бағытталған жалпыға ортақ экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси үрдіс болып т а б ы л а т ы н ы н м о й ы н д а п ,

адам құқықтарының Жалпыға ортақ декларациясының ережелеріне сәйкес әрбір адам әлеуметтік және халықаралық тәртіпке құқылы, бұл реттегі Декларацияда берілген құқықтар мен бостандықтар толықтай жүзеге асырылатынын ескере отырып, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы Халықаралық пактінің ережелеріне, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің е р е ж е л е р і н е ж ү г і н і п ,

Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның мамандандырылған мекемелерінің адамның жан-жақты дамуына, барлық халықтардың экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуі мен дамуына қатысты тиісті келісімдері, конвенциялары, қарарлары, ұсыныстары және басқа да құжаттарына, оның ішінде деколонизацияға, дикриминацияның алдын алуға, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуге және сақтауға, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға, Жарғыға сәйкес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен достық қарым-қатынасты дамытуда одан әрі қолғабыс етуге қ а т ы с т ы құ ж а т т а р ғ а о д а н ә р і ж ү г і н і п ,

халықтардың өзін-өзі анықтау құқығына сәйкес барлық халықтардың өздерінің саяси мәртебесін өз бетінше анықтауға және өздерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асыруға құқылы екенін ескерте отырып, адам құқықтары туралы Халықаралық пактінің екеуінің тиісті ережелеріне сәйкес халықтардың өздерінің табиғи байлығымен және қорымен толықтай және түгелдей егемендік ету құқығы туралы сондай-ақ ескертіп,

Жарғыға сәйкес мемлекеттердің жалпының бірдей адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын нәсілі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, саяси немесе басқа да

көзқарастарының, ұлттық немесе әлеуметтік болмысы, мүліктік жағдайы, туылуы немесе басқа да белгілері бойынша қандай да бір айырмашылығын есепке алмай құметтеуіне және сақтауына жәрдемдесу міндеттемесін ескеріп, колониализм, неколониализм, апартеид, нәсілшілдіктің барлық түрлері мен нәсілдік дискриминация, шет елдік үстемдік пен басқыншылық, ұлттық егемендікке, ұлттық бірлікке және территориялық тұтастыққа қарсы көрсетілетін агрессия мен қауіп-қатер, соғыстық өршу қаупінің туындауы нәтижесінде халықтардың осындай жағдайлар орын алған тұлғаларының адам құқықтарының бұқаралық және дөрекі түрде бұзылуын жою адамзаттың айтарлықтай бөлігінің дамуына көмектесетін жағдайлардың жасалуына септігін тигізеді деп, есептеп,

адам мен халықтардың дамуы мен толыққанды өзін-өзі көрсету жолындағы негізінен азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды жоққа шығаруен байланысты ауыр кедергілердің болуына байланысты қамқөңілдікті бастан кеше отырып, және адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтары бір-бірінен ажырамас және бір-бірімен байланысты және оның дамуы үшін азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қорғау мен оған қолғабыс етуге, жүзеге асыруға барлығына бірдей көңіл бөлінуі қажет және мұндай іс-шараларға жоғары мән берілуі тиіс және осының салдарынан адамның кейбір құқықтары мен негізгі бостандықтарын құметтеу, жүзеге асыру және оларға қолғабыс етілуі адамның басқа да құқықтары мен негізгі бостандықтарынан бас тартуын ақтай алмайды.

Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік даму құқықтарын жүзеге асырудың маңызды факторлары болып табылады деп есептеп,

Қарусыздандыру мен даму арасында тығыз байланыс барын, және қарусыздандыру саласындағы ілгерілеу, даму саласындағы ілгерілеуді тездетуін, және қарусыздандыру шараларының жүзеге асырылуының нәтижесінде босатылатын құралдар барлық халықтардың, негізінен дамушы елдердің халықтарының экономикалық және әлеуметтік дамуы мен әл-ауқатының жақсаруына бағытталуы тиіс екенін растай отырып,

адам даму үрдісінің негізгі субъектісі болып табылатынын, және соның салдарынан адамның даму саласындағы саясатта адам жалпы дамудың басты қатысушысы мен бенефициарийі ретінде қарастырылуы тиіс екенін мойындай отырып,

халықтар мен адамдардың жеке бастарының дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау сол мемлекеттердің негізгі міндеттемесі болып табылатынын мойындай отырып,

адам құқықтарының қорғалуы мен дамуына қолғабыс етуге бағытталған халықаралық деңгейдегі салынатын күштер жаңа халықаралық экономикалық тәртіпті орнату бойынша салынатын күштермен қосарлана жүруі тиіс екенін ұғына отырып,

даму құқығы адамның тартып алынбайтын құқығы болып табылатынын, және даму мақсатындағы мүмкіндіктердің теңдігі мемлекеттердің, сондай-ақ сол мемлекетті

құрайтын адамдардың да дәрегейі болып табылатынын растай отырып, осы даму құқығы туралы Декларацияны жариялайды:

## 1 Бап

1. Даму құқығы адамның тартып алынбайтын құқығы болып табылуы себебінен әрбір адам және барлық халықтар адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтары толықтай жүзеге асырылатындай осындай экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси даму үрдісіне қатысуға, сондай-ақ оған ат салысып, игіліктерін п а й д а л а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Адамның даму құқығы, сонымен қатар халықтардың өзін өзі анықтау құқықтарын толыққанды жүзеге асырылуын білдіреді. Бұл ретте өзін өзі анықтау құқығының құрамына адам құқықтары туралы Халықаралық пактілердің екеуінің де тиісті ережелеріне сәйкес өзінің барлық табиғи байлықтарына және қорларына толықтай егемендік ету секілді тартып алынбайтын құқықтарын жүзеге асыру құқығы кіреді.

## 2 Бап

1. Адам даму үрдісінің негізгі субъектісі болып табылады және даму құқығының белсенді қатысушысы мен бенефициары болуы тиіс.

2. Барлық адамдар адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толықтай құрметтеу қажеттілігін, сонымен қатар адамның жеке басының толыққанды және еркін дамуын қамтамасыз ете алатын қоғам алдындағы өз міндеттерін есепке ала отырып, жеке және ұжымдық түрде даму үрдісі үшін жауапкершілік тартады. Сондықтан да олар даму үшін қажетті тиісті саяси, әлеуметтік, экономикалық тәртіпті қорғауы және көтермелеуі т и і с .

3. Мемлекеттер даму үрдісіне белсенді, еркін және құрылымдық түрде қатысуға және үрдіс барысында туындайтын игіліктерді әділ түрде бөлісу негізінде тұрғылықты халықтың және барлық жеке тұлғалардың әл-ауқатын тұрақты түрде көтеруге бағытталған дамудың тиісті ұлттық саясатын анықтауға міндетті және құқылы.

## 3 Бап

1. Мемлекеттер даму құқығын жүзеге асыру үшін қолайлы ұлттық және халықаралық жағдайларды жасау үшін негізгі жауапкершілікті тартады.

2. Даму құқығының жүзеге асырылуы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастарға және ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқықтардың қағидаларын толықта құрметтеуін қажет етеді.

3. Мемлекеттер дамуды қамтамасыз ету үшін және соның барысында туындайтын

кедергілерді жою үшін бір-бірімен ынтымақтастық орнатуы тиіс. Мемлекеттер егеменді теңдікке, өзара тәуелділікке, барлық мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа деген өзара мүдделілікке негізделген жаңа халықаралық, экономикалық тәртіпті орнатуда әрекет ету мақсатында өз құқықтарын жүзеге асыруға және өз міндеттерін орындауға, сонымен қатар адам құқықтарын жүзеге асыруға және сақталған жағдайда көтермелеуге міндетті.

#### **4 Бап**

1. Мемлекеттер жеке және ұжымдық түрде даму құқығын толыққанды жүзеге асыруда қолғабыс ету мақсатында халықаралық даму саласындағы саясатты дайындауға бағытталған шараларды қолға алуы тиіс.

2. Дамушы елдердің әлдеқайда жылдам дамуын қамтамасыз ету үшін белгілі бір шаралардың тұрақты түрде жүргізілуі қажет. Дамушы елдердің салып жатқан күштеріне қосымша осы елдерге олардың жан-жақты дамуын тездету үшін тиісті құралдар мен мүмкіндіктерді беруде халықаралық тиімді ынтымақтастық қажет.

#### **5 Бап**

Мемлекеттер апартеид, нәсілшілдіктің барлық түрлері мен нәсілдік дискриминация, колониализм, шет елдік үстемдік пен басқыншылық, ұлттық егемендікке, ұлттық бірлікке және территориялық тұтастыққа қарсы көрсетілетін агрессия мен қауіп-қатер, соғыстың өршу қаупінің төнуі және және халықтарға өзін өзі анықтау негізгі құқығын мойындаудан бас тарту нәтижесінде халықтардың және осындай жағдайлар орын алған тұлғаларының адам құқықтары бұқаралық және дөрекі түрде бұзылуын жоюға бағытталған шешуші шаралар қолдануы тиіс.

#### **6 Бап**

1. Барлық мемлекеттер адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын нәсілінің, жынысының, тілінің немесе дінінің ескерілуінсіз жалпының бірдей құрметтеуі мен сақтауын қамтамасыз ету, нығайту және көтермелеу мақсатында бірігіп қ ы з м е т е т у і т и і с .

2. Адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтары бір-бірінен бөлінбейді және өзара бір-бірімен байланысты болып табылады; азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың жүзеге асырылуына, жүзеге асырылуына қолғабыс етуіне және олардың қорғалуына теңдей назар аударылуы және жоғары деңгейде м ә н б е р і л у і т и і с .

3. Мемлекеттер азаматтық және саяси құқықтардың, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың сақталмауының нәтижесінде туындайтын даму жолдарындағы кедергілерді жою мақсатында шаралар қолдануға міндетті.

## **7 Бап**

Барлық мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнату, сақтау және оны нығайту жолында қолғабыс етіп, осы мақсатта тиімді халықаралық бақылау астында жаппай және толықтай қарусыздандыруға жету үшін және сондай-ақ, негізінен дамушы елдердің жан-жақты даму мақсатында қарусыздандыру бойынша тиімді шаралар қолдану нәтижесінде босатылатын құралдардың пайдаланылуын қамтамасыздандыру үшін барлық күштерін жұмылдыруы тиіс.

## **8 Бап**

1. Мемлекеттер даму құқығын жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды ұлттық деңгейде қолдануы тиіс, және негізгі қорларға, білімге, денсаулық сақтауға, азық-түлікке, тұрғын үйге, еңбекке және кірістің әділ бөлінуіне қол жетімділікке қатысты барлық мүмкіндіктердің теңдігін қамтамасыз етуі тиіс. Даму үрдісіне әйелдердің де белсенді үлес қосуы қамтамасыздандырылу бойынша тиімді шаралар қолданылуы қажет. Барлық әлеуметтік әділетсіздіктерді жою мақсатында тиісті экономикалық және әлеуметтік реформалар өткізілуі қажет.

2. Барлық мемлекеттер халықтың даму үрдісінің маңызды факторы ретінде барлық салаларға қатысуын және адамның барлық құқықтарын толықтай жүзеге асырылуын көтермелеуі қажет.

## **9 Бап**

1. Осы Декларацияда берілген барлық құқық аспектілері бөлінбейтін және өзара байланысты сипатты танытады және олардың әрбірін бүтін бір контекстте қарастыру қ а ж е т .

2. Осы Декларацияда Біріккен Ұлттар Ұйымының ұстанымдары мен мақсаттарына карама-қайшылық ретінде немесе белгілі бір мемлекетке, топқа немесе жеке тұлғаға қандай да бір қызметті жүзеге асыруына немесе адам құқықтарының Жалпыға ортақ декларациясында және адам құқықтары туралы Халықаралық пактілерде көрсетілген құқық бұзушылықтарға бағытталған іс-әрекеттер жасау құқығының табысталуын білдіретін іс-әрекеттер ретінде қарастырылмауы қажет.

## **10 Бап**

Даму құқығының толықтай жүзеге асырылуын және ілгерілей отырып нығайтылуын қамтамасыздандыру үшін, оның ішінде саяси, экономикалық және басқа да шаралардың халықаралық деңгейлерде қабылдануы мен жүзеге асырылуы, өңделуі секілді шаралар қолданылуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК